



фото: БҰҰ БЖКБ/ Фредерик Ной

## Пана іздеушілерді, босқындарды және азаматтығы жоқ тұлғаларды қорғау

**БҰҰ БЖКБ, Біріккен Ұлттар Ұйымының Босқындар жөніндегі агенттігі – босқындардың, мәжбүрлі түрде қоныс аударылған қауымдастықтар мен азаматтығы жоқ тұлғалардың өмірін сақтап қалуға, құқықтарын қорғауға және жарқын болашақ құруға арналған жаһандық ұйым.**

БҰҰ БЖКБ Қазақстан Республикасының Үкіметіне қашуға мәжбүр болған және азаматтығы жоқ тұлғаларды қорғауға, олардың негізгі адам құқықтарын жүзеге асыруына және жарқын болашақ құруына көмек көрсетуін қолдайды.

Көптеген үкіметтер, азаматтық қоғаммен, үкіметтік емес ұйымдармен және БҰҰ серіктестерімен бірлесе отырып, БҰҰ БЖКБ мемлекеттік заңдардың халықаралық үлгіге сәйкес келуіне және ешкімнің назардан тысқалмауын қамтамасыз ете отырып, қызмет көрсететін адамдардың жергілікті ықпалдастығына әсер етеді.

Қазақстанда БҰҰ БЖКБ азаматтық қоғам серіктестерімен:

- Адам құқықтары мен заңдылықты сақтау жөніндегі Қазақстан халықаралық бюросы
- Қазақстан Республикасының Қызыл Ай Қоғамымен және
- «Сана Сезім» әйелдер бастамаларының құқықтық орталығымен тығыз байланыста жұмыс істейді.

### ҚОСЫМША АҚПАРАТ

БҰҰ БЖКБ Қазақстанның босқындар және азаматтығы жоқ тұлғалар туралы мемлекеттік заңнамасының талдауын жүктеп алыңыз немесе сайтқа өтіңіз:

[unhcr.org/centralasia/unhcr-in-kazakhstan](https://unhcr.org/centralasia/unhcr-in-kazakhstan)

[reporting.unhcr.org/kazakhstan](https://reporting.unhcr.org/kazakhstan)

[twitter.com/UNHCR\\_Cent\\_Asia](https://twitter.com/UNHCR_Cent_Asia)

[facebook.com/unhcr.ca](https://facebook.com/unhcr.ca)



БҰҰ БЖКБ босқындар мен пана мәселесі бойынша ақпаратқа немесе кеңеске мұқтаж тұлға үшін электрондық пошта мен «сенім телефондарын» жүргізеді. Қашуға мәжбүр болған адамдар негізгі контактілерді және жаңартылған ақпаратты [help.unhcr.org/centralasia](https://help.unhcr.org/centralasia) сайтынан таба алады.

## Қашуға мәжбүр болған тұлғаларды қорғау

Тәуелсіздік алған 30 жыл ішінде Қазақстан соғыстан, қуғын-сүргіннен, қақтығыстардан немесе адам құқықтарының бұзылуынан қашқан мыңдаған босқындарға пана болды.

**1951 жылғы Босқындар мәртебесі туралы конвенция** - босқындардың кім екенін және олардың құқықтарын халықаралық құқықпен қорғалатынын анықтайтын негізгі құжат болып табылады. 1999 жылы Қазақстан Босқындар мәртебесі туралы 1951 жылғы Конвенцияға және оның 1967 жылғы Хаттамасына қосылып, босқындарды қабылдайтын басқа елдермен жауапкершілікті бөлісуге және босқындарды қауіп төнген жағдайда қайтармауға, бірақ оларға өз аумағына қоныстануға қолжетімділікті, сапалы пана беру рәсімдерін және қорғалуын, сондай-ақ адамның негізгі құқықтары мен әлеуметтік-экономикалық құқықтарына қол жеткізуін қамтамасыз етуіне міндеттеме алды. БҰҰ БЖКБ Қазақстанды келесі тұлғаларды қорғауда қолдайды:

### Пана іздеушілер

**Пана іздеуші** - өзге елде қорғау іздеп жүрген, бірақ олардың пана алу туралы өтініші әлі аяқталмаған тұлға.

Өз өміріңіз үшін қауіп төнген кезде басқа елден қорғау іздеу, адам құқығы болып табылады. Әр жеке тұлғаға өзге елге пана сұрау үшін елге кіруге рұқсат берілуі керек.

### Босқындар

**Босқын** - қақтығыстардан немесе қуғын-сүргіннен қашқан, қауіпсіз мекен табу үшін халықаралық шекараны кесіп өткен және пана алуға рұқсат алған тұлға.

Басқа елде қауіпсіздік іздегендердің бәрі бірдей босқын емес. Мәселен, адамзатқа қарсы қылмыс немесе саяси емес ауыр қылмыс жасаған адам, босқын мәртебесіне сәйкес келмейді.

Босқындар өз елдерінен кетуге шешім қабылдап, алайда кері орала алатын, тұрғылықты жерінен ұзақ уақытқа қоныс аударғандардан (мигранттардан) ерекшеленеді.

Қазақстандағы көптеген босқындар жылдар бойы, тіпті ондаған жылдар бойы тұрып жатыр. Олар көбінесе қазақ және/немесе орыс тілдерінде сөйлейді, Қазақстан азаматтарымен туыстық байланыста және мәдени тұрғыдан бірлестірілген.

Басқа елдер сияқты Қазақстанда қазіргі уақытта «Конвенция» және «Мандат» босқындары бар:

- **Конвенция бойынша** босқындар - Қазақстан босқын мәртебесін анықтау процедуралары арқылы босқын деп танылған босқындар. Қазақстан 1951 жылғы Конвенцияға сәйкес берілген білім беру, жұмысқа орналасу және ең төменгі денсаулық сақтау сияқты кейбір құқықтарды қамтамасыз еткенімен, олар әлі де әлеуметтік қолдау мен ҚР-ның азаматтығын алудан тыс қалған.
- **Мандат бойынша** босқындар - БҰҰ БЖКБ өзінің жаһандық мандат жүйесі бойынша танылған босқындар. Олардың Қазақстанда тұруына рұқсат етілгенімен, заңды мәртебесі жоқ, мандат босқындар құқықтарға, негізгі қызметтерге (білім беруден басқа) немесе әлеуметтік-экономикалық қауіпсіздік желілеріне қол жеткізе алмайды, сондықтан олар айрықша осал топ болып саналады.

БҰҰ БЖКБ Қазақстанды пана беру рәсімдерін күшейту және мемлекеттік заңнаманы жақсарту, қашуға мәжбүр болған тұлғалардың 1951 жылғы Босқындар мәртебесі туралы конвенцияда қамтылған барлық құқықтарға, соның ішінде азаматтыққа қол жеткізуін қамтамасыз ету тұстарынан қолдайды. Босқындар - тиісті құқықтарға ие бола отырып, қабылдаушы қауымдастықтарға неғұрлым пайдалы қызмет көрсетуге және Қазақстанның экономикалық және әлеуметтік дамуына үлес қоса алады.

**Босқындар жөніндегі жаһандық шарт**, босқындар мәселесін толықтай шешуге халықаралық ынтымақтастықсыз қол жеткізуге болмайтынын мойындай отырып, болжамды және әділ жауапкершілікті бөлудің негізі болып табылады. Шешім қабылдаушы қауымдастықтардың қажетті қолдауға ие болуын және босқындардың нәтижелі өмір сүре алуын қамтамасыз ету үшін үкіметтерге, халықаралық ұйымдарға және басқа да мүдделі тараптарға арналған жоспарды ұсынады.

## Азаматтығы жоқ тұлғаларды қорғау

Кеңес Одағы ыдырағаннан кейін көптеген тұрғындар тәуелсіз мемлекеттің азаматтығын растай алмады немесе ала алмады. Азаматтығы жоқ, Орталық Азияда он мыңдаған адам ешбір елдің қорғауынсыз қалды.

2009 жылғы Ұлттық халық санағында 57 000 адам өздерін азаматтығы жоқ деп таныды. Содан бері және БҰҰ БЖКБ қолдауымен Қазақстан азаматтығы жоқ дәрежесін азайту және алдын алу мақсатында айтарлықтай жетістіктерге жетті.

Қазіргі уақытта 1954 және 1961 жылдардағы азаматтығы жоқтық туралы конвенцияларға қатысушы мемлекет қатарында болмаса да, Қазақстан өзінің заңнамасы мен тәжірибесін олардың ережелеріне көбірек сәйкестендіруде, оның ішінде «Неке және отбасы туралы» кодексінде тууды жалпыға бірдей тіркеуді бекіту және азаматтығы жоқтығын анықтау рәсімдерін енгізуді қарастырды.

БҰҰ БЖКБ Қазақстан Үкіметіне келесі тұлғаларды анықтауда, құжаттандыруда және қорғауда қолдау көрсетеді:

### Азаматтығы жоқ тұлғалар

«Азаматтығы жоқ тұлға» - бұл кез келген мемлекет заңнамасы бойынша азаматы деп саналмайтын тұлға.

Қазақстанда Үкімет оларға елде тұруға, жұмысқа, мемлекеттік қызметтерге және денсаулық сақтауға қол жеткізуге болатын «Азаматтығы жоқ тұлға» куәліктерін береді. «Азаматтығы жоқ тұлға» мәртебесімен бес жыл тұрғаннан кейін олар Қазақстан азаматығын алуға өтініш бере алады.

### Азаматтығы анықталмаған тұлғалар

Азаматтығы анықталмаған тұлғалардың қандай да бір азаматтығы бар екенін растайтын құжаттары жоқ, алайда тууы, шығу тегі, неке немесе тұрақты тұруы бойынша бірнеше мемлекетпен байланысы бар немесе тұрғылықты мемлекеттік билік органдары осы байланыстары бар деп қабылданады. Олардың Қазақстанда заңды мәртебесі жоқ және білім, денсаулық сақтау, жұмысқа орналасу және қозғалыс еркіндігі сияқты негізгі құқықтар мен қызметтерге қол жеткізе алмайды. Заңды мәртебесі немесе жарамды жеке басын куәландыратын құжаттары болмаса, бұл тұлғалар жоқ адамдар қатарында есептеледі.

Азаматтық дәрежесін тек мемлекеттер ғана беріп, растай алатындықтан, елдегі азаматсыздықтың көбеюінің алдын алу және азайту бойынша Қазақстанның ынтымақтастығы өте маңызды. БҰҰ БЖКБ үкіметке азаматтығы анықталмаған тұлғаларды анықтауға, құжаттандыруға және азаматтығы жоқтықтың алдын алуға қолдау көрсетеді.

БҰҰ БЖКБ сондай-ақ Қазақстан Республикасын азаматтығы жоқтық туралы 1954 және 1961 жылғы конвенциялардың қатысушысы болуға шақырады, бұл конвенциялардың жалпыға бірдей жүзеге асырылуы бір ұрпақ ішінде азаматсыздықты тоқтатады.

## Азаматтығы жоқтықты жоюға арналған #IBelong науқаны

2014 жылы басталған #IBelong жаһандық науқаны 2024 жылға қарай азаматтығы жоқтықты жоюды көздейді.

Қазақстан азаматтығы жоқтықты жоюда, соның ішінде азаматтығы жоқтығын анықтау рәсімдерін қабылдау және балалардың тууын жалпыға бірдей тіркеуді қамтамасыз ету үшін заңнамаға өзгертулер енгізу арқылы үлкен жетістіктерге жетуде. БҰҰ БЖКБ Қазақстанды 1954 және 1961 жылдардағы азаматтығы жоқтық туралы конвенцияларға қосылуға шақырады, олардың толық орындалуы ұрпақ ішінде азаматтығы жоқтықты тоқтатады.

#IBelong науқаны Тұрақты дамудың 16 мақсатының 9-міндетімен тікелей байланысты: 2030 жылға дейін барлық адамдарда туу туралы куәлікті қосқанда заңды жеке куәліктің болуын қамтамасыз ету.



## Баланың азаматтығы жоқтығының салдары тууды тіркеу туралы заңнамаға енгізілген өзгерістерден кейін жойылады

Роза күнде тоғыз жасар қызы Маржанды мектепке апарғанда, ішіндегі бір қорқыныспен барады. Роза қызының жетістігіне мақтана отырып, мектеп әкімшілігі Маржанның оқуға түсуін рәсімдеу үшін оның жеке басын куәландыратын құжатты тағы да сұрайды деп алаңдайды. Бірақ Маржанның да, Розаның да жеке басын куәландыратын құжаттары жоқ – екеуі де азаматтығы жоқ, ұлты белгісіз жандар.

Роза мемлекеттік заңдардағы кепілдіктің болмауынан өз азаматтығынан айырылды; бұл, Қазақстан шешім табу үшін әрекет жасап жатқан олқылықтар. Өзбекстанда дүниеге келген Роза, он жыл бұрын Қазақстанға көшкен кезде Өзбекстан азаматтығынан бас тартып, мұны Қазақстан азаматтығын алуға құқық беретін «кандас» (этникалық қазақ) мәртебесін алудың қажетті қадамы деп түсінді. Жұмыс барысы аяқталмай жатып, ол этникалық тегін растайтын өзбек төлқұжатын жоғалтып алды, кейін бір азаматтығынан бас тартып, екіншісін алу барысында Розада екеуі де болмады. Заңды мәртебесі жоқ Роза балаларының тууын тіркей алмағандықтан, Маржан мен оның екі інісі де азаматтығы анықталмаған тұлғалар болып саналады.

Розаның жалғыз арманы – балаларын азаматтығы жоқтықтың кесірінен қиын өмірден аман алып қалу. «Мен олардың ешкімнен жасырынбай, қалыпты өмір сүргенін қалаймын».

2019 жылы қабылданған тууды тіркеу туралы заңға енгізілген өзгерістердің арқасында Қазақстанда туылған барлық балалар ата-анасының құқықтық мәртебесіне қарамастан туу кезінде тіркелуге және туу туралы куәлік алуға құқылы. Заңның кері күші бар, бұл Розаның балаларына туу туралы куәлік беруге мүмкіндік береді.

БҰҰ БЖКБ серіктесі «Сана Сезім» ұйымының құқықтық қолдауымен Розаның балаларының туу туралы куәлігін алу үшін іс қозғалды, қазір аяқталуға жақын. Сана Сезім де Розаның құжатын рәсімдеумен айналысады. Роза Маржанның жеке басын куәландыратын құжаттарын ұсынып, қызын мектепке апарғанда уайымдаудың орнына, мақтанатын күн туар.



**БҰҰ БЖКБ Қазақстандағы, Қырғызстандағы, Түркіменстандағы және Өзбекстандағы БҰҰ БЖКБ Өкілдігіне тікелей қосқан үлестері үшін, сондай-ақ мақсатсыз және икемді қаржыландыру донорларына алғысын білдіреді:**



### БАЙЛАНЫСТАР

- Ханс Фридрих Шоддер, БҰҰ БЖКБ Орталық Азиядағы өкілі, [schodder@unhcr.org](mailto:schodder@unhcr.org)
- Ирина Билялова, Ұлттық кеңсенің басшысы, [bilyalov@unhcr.org](mailto:bilyalov@unhcr.org)